

Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасының "Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің, Парламенті мен Үкіметінің әкімшілік үй-жайларына қызмет көрсету жөніндегі дирекциясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 8 қазандағы N 1427

Қазақстан Республикасы астанасының Ақмола қаласына көшірілуіне, жоғары және орталық мемлекеттік органдардың әкімшілік үй-жайлары құрылышының аяқталуына байланысты, Ақмола қаласындағы аталған үй-жайларды пайдалану және ұстau мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасының шаруашылық жүргізу құқығымен "Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің, Парламенті мен Үкіметінің Әкімшілік үй-жайларына қызмет көрсету жөніндегі дирекциясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Кәсіпорынның мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің оған қатысты функциясын жүзеге асыратын орган болып табылады деп айқындалсын.

3. Кәсіпорынның қызметі мына бағыттарда жүргізіледі деп белгіленсін:

Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің, Парламенті мен Үкіметінің әкімшілік үй-жайларын пайдалану;

Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің, Парламенті мен Үкіметін материалдық-техникалық және өзге де жұмыс жағдайларымен қамтамасыз ету.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның жарғысын бекітсін және тіркеуден өткізсін, жарғылық қорын қалыптастырын, басқа да ұйымдастыру мәселелерін шешетін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, "Республикалық

мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790

P960790\_

қаулысымен (Қазақстан

Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 29, 256-құжат) бекітілген республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесіне толықтыру енгізу туралы қаулының жобасын белгіленген тәртіппен әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
міндеттін атқарушы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК